

Балпық кенттік округі әкімінің 2012 жылғы 14 қарашадағы "Көксу ауданы, Балпық кенттік округіне қарасты Балпық би кентінде атаусыз көшеге ат қою туралы" № 2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы облысы Көксу ауданы Балпық ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 5 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 10 ақпанда № 3037 болып тіркелді

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабына сәйкес Балпық ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Балпық кенттік округі әкімінің 2012 жылғы 14 қарашадағы "Көксу ауданы, Балпық кенттік округіне қарасты Балпық би кентінде атаусыз көшеге ат қою туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылдың 4 желтоқсанында № 2207 тіркелген, "Нұрлы Көксу" газетінде 2012 жылдың 21 желтоқсанында № 51 (159) жарияланған) № 2 шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімнің атауында және бүкіл мәтіні бойынша "кентінде" сөздері "ауылында" сөздерімен, "кентінің" сөздері "ауылының" сөздерімен, "кенттік" сөздері "ауылдық" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Балпық ауылдық округінің бас маманы Р. Балғабаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Ә. Қалиева